ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Шымкент ҚАЛАСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ЖШС"Dostyk School Shymkent"

РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА Шымкент
ТОО "Dostyk School Shymkent"

Шымкент қаласы, Солтүстік-Батыс мөлтек ауданы, 1864 учаскесі
e-mail:
dostyq.schoolshymkent@gmail.com

город Шымкент, мкр.Северо-Запад,уч.1864
e-mail:
dostyq.schoolshymkent@gmail.com

БҰЙРЫҚ
2024 жылғы 02.қыркүйек
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 159
город Шымкент

Психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 25 тамыз № 377 «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы бұйрығын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1.ЖШС"Dostyk School Shymkent" психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылсын.

2. ЖШС"Dostyk School Shymkent" ППҚҚ құрамы төмендегідей үлгіде бекітілсін
Ә.Қ.Шәкен – директордың бейін ісі жөніндегі орынбасары
А.Ш.Сатыбалды – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Н.Ғ.Ерекенова – педагог-психолог

3. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры И.Х.Хамидов

Бұйрықпен таныстым	02.09.2024		Ә.Шәкен
	күні	қолы	қолтаңбаның толық мәні
Бұйрықпен таныстым	02.09.2024		А.Ш. Сатыбалды
	күні	қолы	қолтаңбаның толық мәні
Бұйрықпен таныстым	02.09.2024		Н.Ғ. Ерекенова
	күні	қолы	қолтаңбаның толық мәні

Dostyk school Shymkent
2024-2025 оқу жылында педагог-психологтердің атқарылған жұмыстарының жылдық есебі

Мектептегі психологиялық қызмет – білім беру процесіндегі субъектілерге психологиялық қолдауды ұйымдастырудағы негізгі өзек болып табылады.

1. Мектеп психологы қызметінің жұмыс бағыты мен міндеттері

Мектеп психологының жұмысын ұйымдастыруда келесі бағыттарда жұмыс жүргізіледі:

1. Психологиялық диагностика - оқушының, ата – ананың тұлғааралық жетілуіндегі ерекшеліктерді нормадан ауытқуды ғылыми негіз деп беретін сала. Психологиялық диагностиканың мақсаты: жеке тұлғаның дара және жас ерекшелігін, тұлға аралық қарым-қатынасын зерттеу. Психологиялық диагностиканың негізгі міндеті – педагогтарға ата-аналарға балалардың жеке психологиялық ерекшеліктері жайлы қажетті ақпарат беру. Психологиялық диагностикаға кіріспестен бұрын, оқу жылы барысында тесттердің мақсаты мен міндетін түсіндіру, олардың жазбаша рұқсатын, қолдарын жинау қажет.

2. Психологиялық ағарту (профилактика) – мұғалім, ата анасы, оқушыны психологиялық білімдермен қамтамасыз ету, жаңалықтарды жеткізу. Психологиялық ағартудың мақсаты – тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуын кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау, педагогтарды, ата-аналарды психологиялық біліктілігін арттыру. Психологиялық ағартуға әдістемелік кеңесте, ата-аналар жиналысында өтілетін лекциялар, әңгімелесулер, семинар-практикумдар, ата-аналар жиналысы, көрмелер, жаднамалар дайындау. Балаларға қазіргі уақытта бақытты арайлы өмір жағдайын туғызу. Яғни ересектерге психологиялық ағарту жүргізу арқылы мұның басты мәселе екеніне көзін жеткізу. Психологиялық алдын алу – мүмкін болған ауытқудың алдын алу шаралары. Психологиялық алдын алудың мақсаты: барлық жас кезеңінде балалардың психологиялық саулығын дамыту және сақтау, нығайту. Әр жас кезеңін ескере отырып, балаларға арналған дамыту бағдарламаларын жасау және он іске асыру, алдын алу шараларын қолдану, мектептегі тәрбие мен оқу арқылы баланың толыққанды дамуына жадай туғызу психологтың ең жауапты жұмыс бағыты.

3. Психотүзету (психокоррекция) және дамыту - түзету, өңдеу мақсатында нормадағы балаларды қарастырады, ауытқуы бар балаларды түзету іс – шараларын қарастырады. Психологиялық түзетудің мақсаты: балаларды жеке тұлғалық дамуындағы психологиялық ауытқуларынан арылту, түрлі жағымды іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру жалпы оқу дағдысымен біліктілікті дамыту. Психолог жұмысындағы түзету-дамыту бағыты, қызметтің ең қиын тұсы. Сондықтан да бұл бағыт практик психологтан шеберлікті қажет етеді.

4. Психологиялық кеңес (консультация) жүргізу, кәсіби кеңес (консультация) жүргізу – диагностикалық негізде туындайды. Психологиялық кеңес берудің мақсаты: педагогикалық үрдістердегі қатысушыларға мәселелерді,оқу-тәрбие үдерісінде туындаған проблемаларды шешуге көмек көрсету. Кеңес беру жұмысында психологтың іскерлігі мен дағдысын дамытумен бірге бұл арнайы дайындықты талап етеді.

5.Әлеуметтік-диспетчерлік бағыттар:

1) педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзыреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дефектологтарға, логопедтерге, тифлопедагогтарға т.б.) аралас-мамандармен жұмыс жүргізу;

2) әлеуметтік-медициналық-психологиялық қызметтер туралы деректер банкін қалыптастыру;

3) аралас-мамандармен және шұғыл жағдайда көмек көрсету бойынша мүдделі органдармен өзара іс-қимыл нәтижелерінің мониторингін жүргізу.

Аналитикалық іс-әрекеттің мақсаты: туындаған проблемалық себептердің ғылыми-теориялық негіздерін қарастыру, педагогикалық процеске қатысушыларға кешенді ұсыныстар жасау.

Мектептегі психологиялық қызмет келесі міндеттерді атқаруда:

1. Оқушылардың зерек және тану, даму ерекшеліктерін анықтау.

2. Жеке даму жағдаятын айқындау: кикілжің, қияңқылық, эмоциялық жағдаяттар және т.б.
3. Бала мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты ескеру: Бала мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасқа психологиялық сараптама жасау.
4. Мәселелердің пайда болуын және оны шешу жолдарын анықтап, ажырату арқылы әлеуметтік жағдайдың дамуына психологиялық сараптама жүргізу.
5. Тұлғаның даму кезеңдерін ескеріп, интеллектуалдық және даралық дамуына ықпал жасау
6. Мектепшілік әлеуметтік ахуалдың, ынтымағын дамытуда педагог ұжымына көмек көрсету.
7. 10-шы және 11-ші сыныптар аралығындағы оқушыларға Мемлекеттік емтихан және қорытынды аттестаттауға психологиялық көмек.
8. Білім барысында барлық қатысушылардың психологиялық сауаттылығын жоғарылату (оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер)
9. Аутодеструктивті тәртіп және тәртіп бұзушылықты мектеп оқушыларына ескерту.
10. Психологиялық ағарту, алдын алу жұмыстарын жүргізу

2.Бағыттар бойынша оқушылармен жүргізілген диагностикалық және түзету-дамыту жұмыстарының анализы

Әдістемелер атауы	Сынып	Қамтылғандар	% қамту көрсеткіші	Қағаз жүзінде
Бектің үмітсіздік шкаласы (BHS)	10 сынып	127	92,7%	
Г.Айзенктің «Тұлғаның психологиялық жай күйін анықтау» сауалнамасы	10-11 сынып	227	60,2%	+
Д. Ольвеус «Буллинг» сауалнамасы	10-11 сынып	316	83,8%	+
“Басса Даркий “ әдістемесі	10-11 сынып	279	74%	+
Стресс саған қалай әсер етеді Э.Ховард әдістемесі	11 сынып	215	57%	+
Жалғыздық сезімі (Д. Рассел, М. Фергюсон)	10 сынып	115	86,8%	+
Өміршеңдік сауалнамасы (С. Мадди, Д. Леонтьев)	10-11 сынып	302	80%	+

Тест нәтижесі бойынша сынып жетекшілері мен ата-аналарға ұсыныстар берілді.
10-11 сынып оқушыларының арасында анықталған оқушымен мектепке бейімделуін оңтайландыру мақсатында топтық жұмыстар мен ойындар жүргізілді. Төмен жағдаяттар көрсеткен оқушыларға «Жаңбыр астындағы адам» әдістемесі, «Кактус» және «Жануарлар мектебі» проективті әдістері қолданылды. «Қорқыныштан арылу» жаттығуы мен арт-терапиялық «Мандалалар» әдістемесі, логикалық ойлауын дамытуға, сыныпты ұжымдастыруға арналған жаттығулар жүргізілді. Оқушылармен жеке кеңес беру, ата-ана мен сынып жетекшісіне кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған жоспар жасалып, бекітілді.Жүргізілген психодиагностикалық жұмыстардың нәтижесі төмендегідей:

АНЫҚТАМАСЫ

- **Зерттеу тақырыбы:** «Бектің үмітсіздік шкаласы (BHS) »
- **Жүргізу айы :** Қыркүйек
- **Зерттеу пәні және объектісі:** 10 сыныптар оқушылары

Сынып	Қатысқан оқушы саны	Үмітсіздік анықталған жоқ	Жеңіл үмітсіздік	Орташа үмітсіздік
10А	20	12	7	1
10Ә	19	7	12	0
10Б	19	10	8	1
10В	19	13	5	1
10Е	17	11	6	0
10Ж	18	11	7	0
10И	15	7	6	2
Барлығы	127	71	51	5

- Зерттеуге 10 «А», «Ә», «Б», «В», «Е», «Ж», «И» сыныптарынан барлығы 127 оқушы қатысты. Диагностика нәтижесі бойынша 71 оқушыда үмітсіздік анықталған жоқ, 51 оқушыда жеңіл, 5 оқушыда орташа үмітсіздік деңгейі анықталды. Нәтижелер сыныптар бойынша жоғарыдағы кестеде жинақталды.

10-11 сынып оқушыларының Қолданылған әдіс: Г.Айзенктің тұлғаның психологиялық жағдайын анықтау сұрақнамасы

ҚОРЫТЫНДЫ анықтамасы

Барлық оқушы саны	Қатысқаны	1-10 – мазасыздану	11-20 – фрустрация	21-30 – агрессивтілік	31-40 – ригидтілік

10 сынып оқушылары

Барлық оқушы саны	Қатысқаны	30 балл және төмен	31-45 балл	46-60 балл	61 балл және одан артық.
137	115	76	39	-	-
100%	84%	58,5%	10,8%	-	-

11 сынып оқушылары

Барлық оқушы саны	Қатыс қаны	Тіреліп қалушы	Мазасыздық қорқақ	педантты	демонстр ативті	Циклоти мді	Гиперти імді
240	197	112	5	57	5	7	11
%	82%	56,8%	2,5%	28,9%	2,5%	3,55%	5,6%

Диагностикалық нәтижелер қорытындысы сынып жетекшілері мен ата-аналарға ұсыныстар мен кеңестер, бағыт-бағдарлар берілді. Диагностика нәтижесі бойынша шыққан оқушылармен жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілуде. Аутодеструктивті агрессияның алдын алу мақсатында оқушылармен өмірге құштарлығын арттыру мақсатында 10-11 сынып оқушылары арасында бейнероликтер мен пікір алмасу жүргізілді. Сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне педагогикалық кеңесте «Аутодеструктивті агрессияның алдын алу» тақырыбында баяндама оқылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар жиналысында «Аутодеструктивті агрессияның алдын алу» тақырыбында баяндама оқылды, баламен қарым-қатынаста ұстанатын қағидалар туралы ұсыныстар берілді. Оқушылардың өмірге құштарлығын арттыру мақсатында 10-11 сынып оқушылары арасында бейнероликтер мен пікір алмасу жүргізілді. «Психолог психиатр емес» тақырыбында сұхбаттасу сабақтары жүргізілі.
Ақпан айының 14-17 аралығында қалалық білім беру бөлімі тарапынан Google формасында 10-11 сынып оқушылары арасында Айзенктің «Психикалық жай-күйді анықтау» тесті алынды. Нәтижесінде күйзеліс белгілері бар оқушылар анықталмады.

Аутодеструктивті агрессияның алдын алу бойынша алынған жалпылама тесттің нәтижесін сұрыптау мақсатында анықталған оқушылармен М.Фергюсен мен Д.Расселдің «Жалғыздық сезімінің деңгейін анықтау» тесті алынды. Нәтижесі төмендегідей:

Барлық оқушы саны	Қатысқаны	төмен	орташа	жоғары
137	115	88	25	2
%	84%	76,5%	21,7%	1,7%

2024-2025 оқу жылы (I жарты жылдық)	
Жалпы оқушы саны	*377*
Абай аудандық ІІБ есепте тұратын оқушы	***0***
Мектепішілік есепте тұратын оқушы	***0***

Тақырыбы: Құқықбұзушылықтың алдын алу, мектептегі психоэмоционалдық ахуалды анықтау сауалнамасы
Сыныбы: 10-11 сыныптар, оқушы
Мерзімі:қыркүйек

	1.Сыныптың психологиялық жағдайын сипаттаңыз?	а/ жайлы, жылы қарым-қатынас б/ қалыпты в/ мазасыз, қауіпті	48.4 % 49.7 %

	2 Мектепте оқыған ұнайдыма?	А)иә Б)кейде иә, кейде жоқ В) жоқ	42.6 % 53.2 %
	3. Мектепте оқушылардың өзара қарым-қатынасы қандай?	А) сәлемдесіп, сыйласамыз В) ақша бопсалайды С) топтық жұмыстарын біздерге күштеп жасатады Д) үлгі етерліктей деп сипаттаймын	85.1 % 11.2 %
	4 Мектептегі «Мұғалім-оқушы» қарым-қатынасын қалай бағалар едіңіз?	А) жағымды Б) жағымсыз В) өз жауабыңыз	74.5 % 11.7 % 13.8 %
	5 Сіздің немесе өзге оқушының құқығын бұзып жатқан (ақша бопсалайтын, қысым көрсететін) оқушының аты-жөні кім атаңыз?	10б балдары	
	6 Сыныптастар және өзге де достарың тарапынан қысымның қай түрі жиі кездесіп жүр?	А) психологиялық қысым; (намыстың тапталуы, ашу-ыза, бейтарап сөздердің айтылуы, көңіл-күйдің түсуі) б) физикалық қысым: (төбелес, ұрып –соғу, ерегісу, ақша сұрау, бағалы заттарды талап етушілік) В) ешқандай қысым жоқ	11.9 % 89.9 %

	7. Қандай да бір құқықбұзушылық орын алған жағдайда кіммен сенімді қарым –қатынас жасайсың?	а/ ата-анаммен б/ сынып жетекші, мұғалімдермен в/ мектеп әкімшілігімен , мектеп инспекторымен д/ педагог-психологпен е/ достарыммен	58.5 % 12.6 % 4.1 % 3.1 % 1.4 %
	Әдетте Сізді қандай мәселелер мазалайды? (өз жауабыңыздың астын сызыңыз)	А) отбасындағы қарым-қатынас, өзара түсініспеушілік, күш көрсету, қысым жасау Б) қыз/жігіт қарым-қатынасындағы сәтсіздіктер (жауапсыз махаббат) В) құрдастардан әлімжеттік көру (ақша жинау, қорлау, бопсалау) Г) өзін жалғыз сезіну (мазасыздық, қорқыныш, көңіл-күйдің төмен түсуі) Д) менде бәрі дұрыс	1.6 % 3.6 % 1.6 % 15.8 % 85.6 %

Қорытынды: Сауалнамаға 10-11 сынып арасында оқушы қатысты. Сауалнама қорытынды бойынша қиын мәселелер болмады.

Мерзімі: желтоқсан
Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, буллингтің және ақша бопсалаудың алдын алуға арналған жасырын сауалнама қорытынды анықтамасы
Қатысқан оқушылар: 10-11 сыныптар, 377 оқушы

№	Сұрақтар	Саны
1	**Сіз оқитын мектепте моральдық -психологиялық ахуалы қолайлы ма?**	
	А) ия	
	Б) онша емес ,	55
	В) жоқ	39
2	**Мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынасы қандай?**	
	А) ұйымшыл, өзара тату	
	Б) өзара түсінісу мен ұйымшылдық жоқ	180
	В) өз жауабыңыз	39

3	**Сіз мектеп оқушылары тарапынан болмаса өзге адамдар тарапынан әлімжеттік байқадыныз ба (ақша жинау, күш көрсету, бопсалау)?**	
	1) Оқушылар арасында	24
	2) Мұғалімдер тарапынан	7
	3) Сырттағы бөтен адамдар (өзге мектептер, қылмыстық топтар)	5
	Ондай жоқ	567
4	**Ақша талап еткенде Сіз ақша бересіз бе әлде бас тартасыз ба?**	
	А) беремін	10
	Б) бас тартамын	593
5	**Сіздің немесе өзге оқушының құқығын бұзып жатқан (ақша бопсалайтын, қысым көрсететін) оқушының аты-жөні?**	
	Ақша жинаушы оқушы жоқ	
6	**Қиындыққа тап болған сәтте кімнен көмек сұрар едің ?**	
	А) Мектеп әкімшілігі	75
	Ә) Ұстаздар	30
	Б) Ата-аналар	350
	В) Сыныптастар	12
	Г) Достар	18
7	**Сырыңды кіммен бөлісе аласың ?**	
	А) Ата-аналар	299
	Ә) Ұстаздар	49
	Б) Ешіммен	23
	В) Сыныптастар	147
	Г) Достар	85

Қорытынды: Сауалнамаға 10-11 сынып арасында оқушы қатысты. «Сіз мектеп оқушылары тарапынан болмаса өзге адамдар тарапынан әлімжеттік байқадыныз ба (ақша жинау, күш көрсету, бопсалау)» деген сауалға - оқушылар арасында - 5,8%, сырттағы бөтен адамдар (өзге мектептер, қылмыстық топтар) – 11,6%, «Сіздің немесе өзге оқушының құқығын бұзып жатқан (ақша бопсалайтын, қысым көрсететін) оқушының аты-жөні» деген сауалға - ешқандай оқушы аталмаған.

10-11 сынып оқушылары бойындағы түрлі қабілеттер мен дарындылықты анықтау мақсатында жүргізілген Референтометрия сұрақнамасы, Басса-Дарки сауалнамасы әдістемесінің қорытынды анықтамасы

2024-2025 оқу жылында 10-11 сынып оқушылары бойындағы түрлі қабілеттер мен дарындылықты анықтау мақсатында жүргізілген Референтометрия сұрақнамасы, Басса-Дарки

сауалнамасы әдістемесі тесті жүргізілді 10-11 сынып оқушыларының жалпы саны -377, тестілеуге жалпы- 279 оқушы қатысты

10-11 сынып оқушылары арасында бойындағы агрессияны анықтау диагностикалау "Басса Даркий " әдістемесі мақсатында жүргізілген жұмыстардың анықтамасы

Мерзімі: ақпан 2025 жыл
Мақсатты 10-11 сынып оқушылары
Қолданылған әдіс: Оқушылардың бойындағы агрессияны анықтау диагностикалау «Эмоция тесті
Барлық оқушы саны: 377
Қатысқаны: 279

2024-2025 оқу жылында 10-11 сынып оқушыларының Мінез -құлық акцентуациясы диагностикалау анықтау үшін "Басса-даркий» әдістемесі тесті жүргізілді. Тестілеуге 279 оқушы қатысты.

Барлық оқушы саны	Қатысқаны	Физикалық агрессия	Жанама — агрессия,	. Тітіркену	Негативизм	Күдік	Вербалды агрессия	**Кінәні сезіну**	**Өкпелеу.реніш**
377	279	44	49	48	57	40	15	21	5
%	74%	16%	17%	17,2%	20,4%	14%	5,3%	7,5%	1,8%

Э.Ховардтың стреске төзімділікті анықтауға арналған 11-сынып оқушыларының стреске берілгіштігін айқындау және талдау анықтамасы

Қатысқаны:215
Мерзімі: Наурыз

30 балл және төмен. Сіз туындаған мәселелерді шешіп, тыныш әрі ақылмен өмір сүресіз. Сізде жалған атаққұмарлық та, шектен тыс қарапайымдылық та жоқ. Бұл адамдар бәріне жақсы жағынан ғана қарап, кемшілігін ескермейді.	76
31-45 балл. Сіздің өміріңіз іс-әрекет пен арпалысқа толы, стресс жағымды және жағымсыз түрде әсерін тигізіді. Сіз өміріңізді өзгертпейсіз, дегенмен де өзіңізге де уақыт бөліңіз.	39

46-60 балл. Сіздің өміріңіз күрес. Сіз атақты болуды ұнатасыз және карьераны армандайсыз. Сізге басқаның пікірі маңызды, сондықтан да үнемі стресте жүресіз. Егер дәл осындай қарқынмен жүрсеңіз, көп нәрсеге қол жеткізесіз, дегенмен де бұл сізге қуаныш әкеле ме? Артық сөз бәсекесі қажет емес, ұсақ-түйекке ашуланбаңыз. Әрқашан жоғары нәтижеге әкетуге тырысыңыз. Уақыт-уақытымен толық тынығуға уақыт бөліңіз.	0
61 балл және одан артық. Сіз бірде газды бірде тежегішті басатын машина жүргізушісі сияқты өмірсүресіз. Өмір салтыңызды өзгертіңіз. Сіздің стресс жағдайыңыз, денсаулығыңыз және болашағыңызға қауіп келтіреді.	0

11 сынып оқушылары

Барлық оқушы саны	Қатысқаны	30 балл және төмен	31-45 балл	46-60 балл	61 балл және одан артық.
215	115	76	39	-	-
100%	100%	58,5%	10,8%	-	-

3. Түзету-дамыту бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар

Диагностикалық жұмыстардың нәтижелері ескеріле отырып, 2024–2025 оқу жылы ішінде 10–11 сынып оқушыларымен түзету-дамыту тренингтері ұйымдастырылды. Жұмыстар оқушылардың эмоциялық тұрақтылығын, бейімделуін, қарым-қатынас мәдениетін, стреске төзімділігін және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытуға бағытталды.

Айы	**Негіз болған диагностика**	**Түзету-дамыту жұмысы**	**Қатысушылар**	**Мақсаты**
Қыркүйек	Мектептегі психоэмоционалдық ахуалды анықтау сауалнамасы	«Танысу және сенім кеңістігі» бейімделу тренингі	10–11 сынып	Қауіпсіз орта қалыптастыру, өзара сенімді және мектепке бейімделуді нығайту.
Қазан	Бектің үмітсіздік шкаласы (BHS)	«Менің ресурстарым» тренингі	10–11 сынып	Өмірлік ресурстарды сезіну, жағымды ойлау

				мен қолдау сұрау дағдыларын дамыту.
Қараша	Д. Ольвеус «Буллинг» сауалнамасы	«Қауіпсіз сынып: шекара және қолдау» тренингі	10–11 сынып	Буллингке төзбеушілік ұстанымын, көмекке жүгіну және өзара қолдау дағдыларын қалыптастыру.
Желтоқсан	Филлипстің мектептегі мазасыздық деңгейі тесті	«Мазасыздықты басқару» тренингі	10–11 сынып	Эмоцияны тану, тыныс алу және өзін-өзі реттеу тәсілдерін меңгерту.
Қаңтар	Өміршеңдік сауалнамасы (С. Мадди, Д. Леонтьев)	«ҰБТ: сенімділік және ішкі тірек» тренингі	11 сынып	Емтихан алдындағы психологиялық қысымды төмендету, сенімділікті арттыру және дайындық режимін реттеу.
Ақпан	Г. Айзенк сауалнамасы және Басса–Дарки әдістемесі	«Эмоцияны басқару және жанжалды конструктивті шешу» тренингі	10–11 сынып	Агрессиялық реакцияларды бақылау, эмоциялық өзін-өзі реттеу және жанжалсыз қарым-қатынас дағдыларын дамыту.
Наурыз	Э. Ховардтың стреске төзімділікті анықтау әдістемесі	«ҰБТ кезіндегі стресстің алдын алу» тренингі	11 сынып	Стреске төзімділікті арттыру, уақытты тиімді бөлу және емтихан жағдайында өзін басқару.
Сәуір	Интернетке тәуелділік (К. Янг)	«Цифрлық тепе-теңдік» түсіндіру жұмысы	10–11 сынып	Экран уақытын саналы басқару, интернетті қауіпсіз және жауапты пайдалану

				дағдыларын қалыптастыру.
Мамыр	Жыл қорытындысы, бақылау және кері байланыс	«ҰБТ алдында қорқынышты жеңу» тренингі	11 сынып	Емтихан алдындағы қобалжуды азайту, психологиялық дайындықты бекіту және өзін қолдау тәсілдерін қайталау.

Алдын алу, ағарту жұмыстары бойынша оқу жылы бойы оқушылардың психологиялық және құқықтық сауаттылығын арттыру, қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыру, буллинг, кибербуллинг, құқықбұзушылық, лудомания және ерте жүктілік тәуекелдерінің алдын алу мақсатында жүйелі ағарту-профилактикалық жұмыстар жүргізілді.

Айы	Тақырыбы	Формасы	Қатысушылар	Мақсаты
Қыркүйек	«Құқықбұзушылықтың алдын алу: жауапкершілік және қауіпсіз таңдау»	Түсіндіру сағаты, пікір алмасу	10–11 сынып	Құқықтық сауаттылықты арттыру, құқық бұзушылықтың алдын алу.
Қараша	«Кибербуллинг және интернеттегі қауіпсіз мінез-құлық»	Ақпараттық сағат, жағдаяттарды талдау	10–11 сынып	Онлайн ортадағы қауіптерді тану, жеке шекара мен цифрлық қауіпсіздікті сақтау.
Қараша	Педагогтің эмоциялық тұрақтылығы және кәсіби күйзелістің алдын алу»	Педагогтер	Қысқа тренинг, релаксациялық жаттығулар	Эмоциялық ресурсты сақтау, кәсіби қажудың алдын алу.
Желтоқсан	«Лудомания: ойынға тәуелділіктің алдын алу»	Профилактикалық әңгіме, бейнематериал талқылау	10–11 сынып	Құмар ойын тәуекелдері туралы ақпарат беру, жауапты мінез-құлықты қалыптастыру.
Қаңтар	«Репродуктивті денсаулық және ерте жүктіліктің алдын алу»	Ағарту сабағы, сұрақ-жауап	10–11 сынып қыздары	Жауапты шешім қабылдау, жеке қауіпсіздік және денсаулыққа саналы

				көзқарас қалыптастыру.
Сәуір	«Қауіпсіз интернет: кибербуллинг пен цифрлық тәуелділіктің алдын алу»	Түсіндіру жұмысы, жадынама	10–11 сынып	Цифрлық гигиена мен қауіпсіз коммуникация дағдыларын бекіту.


10-11 сынып оқушыларының арасында аутодеструктивті агрессияның алдын алу, Интернет желілердің зияны, кибербуллинг оқушылардың құқықтық білімін тексере отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс-пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айтатын, сөзге шешен, кемел ойлы, елжанды азамат ретінде тәрбиелеу мақсатында ағарту, алдын алу, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.






11 сынып оқушыларын ҰБТ-ге дайындық жұмыстары қазан, қараша, желтоқсан айларында психологиялық дайындау және әдістемелік нұсқаулар жүргізілді.







5. Психологиялық кеңес беру бағыты

Кеңес беру жұмыстары диагностика нәтижелері және жеке сұраныстар негізінде оқушыларға, ата-аналарға және педагогтерге жүргізілді. Кеңес барысында мәселені нақтылау, психологиялық қолдау көрсету, ықтимал шешу жолдарын бірге анықтау және қажет болған жағдайда ұсыным беру қағидалары басшылыққа алынды.

Кезең	**Кеңес саны**	**Кімдерге**	**Негізгі сұраныстар мен жұмыс мазмұны**
I–II тоқсан	30	Оқушылар, ата-аналар, педагогтер	Оқу мотивациясы, бейімделу, құрдастармен және отбасымен қарым-қатынас, мазасыздық, мінез-құлық, кәсіби бағдар бойынша сұраныстар.
III–IV тоқсан	43	Оқушылар, ата-аналар, педагогтер	Емтихан/ҰБТ алдындағы қобалжу, стресс, тұлғааралық қарым-қатынас, оқу қиындықтары, ата-ана–бала және педагог–оқушы өзара

			әрекеті бойынша сұраныстар.
Жылдық қорытынды	73	Барлық санат	Жеке және топтық кеңестер; қажет болған жағдайда сынып жетекшілеріне және ата-аналарға ұсынымдар берілді.

Жыл қорытындысы бойынша барлығы 73 консультациялық жүгіну тіркелді. Кеңес беру құпиялылық, еріктілік және білім алушының мүддесін сақтау қағидаттарына сәйкес ұйымдастырылды. Қажеттілігіне қарай сынып жетекшілерімен және ата-аналармен кері байланыс жүргізіліп, психологиялық-педагогикалық ұсынымдар берілді.

Келесі оқу жылына психологиялық қызмет мынадай жұмыстарды іске асыруды жоспарлайды:

1.Психодиагностикалық жұмыстарды электронды форматқа өткізу;
2. Ата-аналармен тренинг және кеңес беру жұмыстарына басты назар аудару;
3.Оқушылармен тренинг жұмыстар санын көбейту;
4.Өзіндік білімін жетілдіру деңгейін жоғарылату;
5.Өз тәжірибесін басылымдарда жариялау.

Педагог-психолог : Ерекенова Н.Ғ.